

Тақырыбы: Пайдалы азық-түлік. Цифрларды бастырып жазамын. Мысалдар шығарамын.

Оқыту мақсаттары

0.4.1.3 Көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар мен тапсырмаларды шешу

Ұйымдастыру кезеңі

Әліппе – дәптермен жұмыс

1-тасырмадағы жұмбақтарды оқу.

Әрі қарай тапсырманы өз бетінше жеке орындау керек. Содан кейін тапсырма тексеріледі.

Цифрларды бастырып жазу бойынша 2- тапсырма жеке жұмыс түрінде орындалады.

3-тапсырманы жұппен орындау. Бұл тапсырманы міндетті түрде заттарды (алмаларды)

екі бөлікке бөлу

Тақырыбы: Ас атасы – нан. Цифрларды бастырып сызамын. Мысалдар шығарамын.

Оқыту мақсаттары 0.4.1.3. Көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар мен тапсырмаларды шешу.

–5+2, 5–2 жазбалары нені білдіретінін айт, оларды әртүрлі оқы?

–Мысалдарды жазуға қандай таңбалар көмектескенін түсіндіре аласыңдар ма?

Жазу:

-сандарды толықтырып жапсыр, сандарды қорша, жаз және т.б.

Балалардан: «Нан қайдан пайда болатынын білесіңдер ме?» – деп сұрау.

«Нан дүкені» ойынын ұсынады. Балаларға тоқаштарды, бөлкелерді, батондар мен

басқа да нан өнімдерін санауды ұсыну.

Бүгін біз нан туралы мысалдар құрастырамыз.

Заттарды (текшелер, геометриялық фигуралар) сөреге қояды және бұлардың дүкендегі нан немесе тоқаш

екенін айтады. Сөредегі заттар санын 5-ке дейін толықтыруды не артығын алып тастауды ұсыну.

Сонымен қатар тақтаға есептер жазылады. Мысалы, $4+1=5$, $7-2=5$

3- тапсырма цифрларды бастырып жазу үшін берілген.

1-қадам. Алдымен визуальды екіге бөлетін сызық бойымен сәл көлбеу кішкене таяқша сызамыз. Ортасына жетпей

тоқтаймыз.

2-қадам. Алдымен жоғары, одан кейін оң жаққа дөңгелектей отырып, жарты сопақша сызамыз, бұл ретте ол оң жағымен торшаның сызығымен жанасуы тиіс. Төменгі жиектің ортасынан сәл жоғары көтеріліп, жарты сопақшаны аяқтаймыз.

3- қадам. Қаламды қағаздан ажыратып, жоғарғы құйрықшаны саламыз. Жоғарғы көлбеу нүктеден бастап сызамыз.

4-тапсырма –5 санының құрамымен мысалдар шығару

Балалар екеулеп үстелде тоқаштар немесе рогаликтерге ұқсас заттарды жайып қояды. Карточкаларға мысалдарды жазады. Содан кейін оны дәптерге көшіреді. Санның құрамын құрайтын қосуға арналған мысалдарды құрастыру жөніндегі құралдар, әліппе-дәптерде берілгенге ұқсастарын пайдалануға болады.

Олар балаларға түсінікті әрі таныс болу керек. Сондықтан олар дәптерде бірыңғай стильде орындалған.

Жауабы 5 болатын есептер құру үшін екі дорба қолданылады. 5 зат оларға түрліше салынады. Нәтиже

қосуға арналған есептер түрінде жазылады. Осындай ойынды жұптарда ұйымдастыруға болады. 5

асбұршақ таратылады. Балалар олардың бір бөлігін бір қолға жасырады, ал екіншісіндегі бөлігін досына

көрсетеді. Ол жұдырықта неше асбұршақ бар екенін айтуы тиіс.

Қорытынды жасап, балаларды мадақтау.

Сабақтағы өз жұмысын «Сәттілік сатысы» арқылы бағалауды ұсыну.